

# АНА ТІЛІ

Ғұн Тағын

1990 жылғы  
наурыздың 22-сінен  
бастап шығады

## Ұлтқа қызмет ету үлгісі (Эссе)



**Батыр бағланға, жақсы-жайсаңға, кең болмысты кемелге, өресі биік өренге, жақынды емес, алысты көздеген көрегенге, көкейі күмбірлеп тұратын дараға, қара бастың, қуқұлқынның құлы болмай, халықтың қамы деген көпшілге – қазақ қай дәуірде де кенде болған жоқ. Бірақ жылтыңы, қылтыңы жоқ барыс мінезді, тура сөзді асылды тап басып танымай қалатынымыз, елеулі ісін ала шұбар ойдың жетегіне жіберіп, қысастыққа баратынымыз, оның көлеңкесіне де татымайтын жасанды «тарпаңды» көре қоятынымыз да, тұлғаға теңей салатынымыз да бар. Иә, бағалай алған дәуірде жақсылардың төңірегіне жұрт жұмылып топтасқан, алтын тұтқа, саясы мол бәйтерегіміз деп, еңбегін елеген, іргелі ісін ескерген, бақталастырып сөз жарыстырмаған, ұлт үлгісімен жүрген – бұл бабалар салты еді. Сол салттың ақша билеген, мықтылар кеуделеген тұста арқауы босап қалды. Оны қайталап қайтеміз, көрініп тұр емес пе?**

Бүгін сыпайылап жасырғанмен, ертең ашылып, абырой айрандай төгіледі. Кімнің елге адал қызмет етіп, кімнің жемқорлық деген жегі құрттың соңында жүргенін халық біліп отыр. Бірақ үмітін үкілеген, ел иесі делінетін қазақ бәріне төзіп бағуда. Өмірде мәңгілік не бар дейсің.

Менің жаным ашиды, мына өмірді,  
Өтпейтіндей көретін адамдарға, –  
деп Мұқағали Мақатаев айтқандай, өтетін өмірде тірі жүрген адамдар  
ұлтқа қызмет еткендерді ұмытпай, өзінен бұрын да абзал жандардың  
болғанын ескеріп отырса, қане!

Қазақ салтын, қазақтың қалпын бұзбай келген болмысы бөлектер, бүгін  
әспеттеп, үлгі мен өнегесін көкке көтерген арыстарымыз болмаса, көз  
жауын алатын құндылықтарымыз, жақсы мінез, жарасымды іс бізге  
жетер ме еді. Қайта керемет заман делінетін қазіргі кезде рухани  
құндылықты ала-құла етіп, адасудың алдында тұрғанымызды несін  
жасырамыз.

«Қайда кетіп барамыз?» деген түйткіл сұрақты басқалар елемеген  
болып, жымысқы саясаты асқынып тұрғанда, «тістілердің» алдына «Сіз  
не ойлайсыз?», – деп қоятын кез келді-ау, осы!

Ұлтым жұтылып кетпесін деп, халықтың санасына саңылаудан сәуле  
түсірген болаттай мықты қазақтарды «тірілту» керек болып тұр-ау!  
Оған дейін, бүгін төрден орын беріп, төбеге көтеруге болатын, кеңес  
дәуіріндегі үш кезеңнің үш ұланын бөліп айтуға хақымыз бар.  
Тақырыбымызға арқау болған үш азамат туралы бұл мақаланы жазу-  
дағы мақсат – олардың елге еткен еңбегін, халқымыздың ұлттық  
мұрасына деген сергектігін кейінгіге таныту. Басқыншы жаһандану  
заманында ұлтты сақтайтын, өзгеден ерекшелеп тұратын құндылықтар:  
тілі, ділі десек, соны қызылдар билеп, төстеп тұрғанда көздің  
қарашығындай қорғап, бізде де «жілігі татитын» бар, ешкімнен кем  
емеспіз деп, сөзі мен ісін ұштастырған үш арысты көрсету ниетімен  
қолға қалам алдық. Ол кісілердің көзін көргендер ай санап кеміп барады.  
Өзағаңнан басқаларының тірі дидары бізге де жұмбақ. Егер үш ұлыны  
жиі еске түсіріп, мұрасын жаңғыртып отырсақ, сол ардақтылардың  
үлгісі жер басып жүргендерге сабақ болары хақ. Жалпы алдыңғы  
толқын мен кейінгі толқынды әр алуан тәсілмен «табыстырып» отыру  
үрдісін қалыптастырсақ, бұл әсіресе, «Босбелбеу, босаң тұрған бозбала  
көп, Киіздей шала басып қарпылмаған», – деп А.Байтұрсынұлы меңзеген  
кей сәттегі бір кем істің оңалуына септігін тигізер еді.  
Олар қазір есті қазаққа үлгі, солардай болсақ деген сергектерге өнеге.  
Сонымен, үш алыптың алғашқысы – қазақтың қарымды ұлы, ұлттың  
адал «құлы»:

### **Қазақ көркемөнерін көгерткен – Темірбек Жүргенов**

«Бүкіл дүниежүзілік мәдениетке өз ана тілімізді жақсы білгенде,  
соны үйренгенде ғана жетуге болады», – деп төбесінен төніп тұрған  
үстем күштің ызғарынан ықпай, халқының ертеңін, кемел келешегін  
көздеген Т.Жүргенов – қазақ тарихында қазақ халқының ешкімнен де  
кем еместігін таныту барысында тартынбай, талмай қызмет еткен Алаш  
арысы.

Оның ұлт ісіне сергектік танытуына көзі ашық, көңілі ояу зиялы

Тұрмағанбет Ізтілеуов берген дәріс себепкер болса керек. Бұған қоса, текті жерден, жарыған отбасынан шыққан адамның қадамы тар, ойы өлшеулі болмаған ғой. Жақсылардың озық жүруі, алдын болжай білуі бір ғанибет.

Т.Жүргенов – жүлгесі өткен ғасырдың 30 жылдарындағы аласапыранның ығында кетіп, мысықша бұқпай, жыландай ысылдап тұрған билікке «құлшылығын» жасай жүріп, арасынан жол тауып, қазақ деген халықтың бар екенін – өзіндік бет-бейнесін, тірлік-тынысын, құндылығын көрсетуге күш салған. Ол бұл жұмысты өзбек еліндегі лауазымды жұмысын тастап, кіндік жұртының Халық ағарту комиссары қызметін атқарғанда, жұртқа керек күрделі істің түйінін шешіп, жүйелі түрде жолға қойған. Халықтық өнердің қалыбын сақтай отырып, оның ордалы мекемелерін ашуға мүмкіндік жасаған.

«Сөз тірегі – іс. Бізге іс керек....Құр іс емес, қалың бұқараның қамын ойлап, өсу, өркендеу жолына, қазақтың ұлт мәдениетін көтеру жолына кірпіш бола білетін іс керек», – депті.

Осы сөзін ісімен үйлестірген Т.Жүргеновтың мықтылығы сол – айтқанын өзі де орындап, өзгеге де орындатқаны дер едік. Мәдениет майданына мән бергенде «темір нарком» атанған: «Жүргенов – тілді де, тісті де, жігерлі де, іскер адам еді», деп жоғары бағалаған, сол кезде Орталық комитетте көркемөнер секторына басшылық етіп жүрген Ғабит Мүсіреповке ән-күй театрын ашуды міндеттеп, Б.Майлинге «Жалбыр» мен «Шұғаны», Мұхтар Әуезовке «Айман-Шолпанды» Ғ.Мүсіреповке «Қыз-Жібекті» жазуды қатаң тапсырған. Жазушылардың бірінші съезін өткізіп, халық өнерпаздарының слетін ұйымдастыруға ұйытқы болған. Сол слетте ел ішіндегі небір таланттардың танылғаны тарихтан белгілі. Жамбыл, Нұрпейіс, Кенен, Нартай, т.б. алдыңғы қатардан көрінген.

Ә.Қастеевтің суреттері бағаланып, Мәскеуге оқуға жіберген.

Филармония, ұлт аспаптар оркестрі, хореографиялық училище ашылған.

Ғ.Мүсіреповке тапсырған ән-күй театры Республикалық драма театрынан Қазақ музыка театры болып бөлініп шыққан. Соның негізінде бүгінгі Абай атындағы опера және балет театры шаңырақ көтергені белгілі. Мұның бәрі жүргенов жұмысының нәтижесін көрсетеді. Жоқтан бар жасаудың, бардың әрін ашып, жетілдірудің әдемі үлгісі осы болса керек.

Ол кезде күректей дипломы бар кадр жоқ екен. Соны білген Алаштың озық ойлы арыстары шырқы бұзылмаған, шырайы кетпеген, әрі-нәрі солмаған ұлт таланттарын – өрімдей жастарды құмнан алтын іздегендей тауып, құрақтай құрап, өнер шаңырағының іргесін көтеріп, кәсібилікке жетуді мақсат еткен. Олар заманның запыранды болып бара жатқанын сезіп, ерте қимылдамасақ, ұлттың рухы жойылып кетуі мүмкін дегенге ден қойған.

Жойылуына үстем билік мүдделі екенін аңғарып, кейбір тұста жан кешті

тірліктерге барған. Оны ұлт бейнесін, ұлт тілін, ұлт өмірін көрсететін туындылармен сақтап қалуға жанталаса кірісіп, өзгеге оның кереметін таяқ ұстатқандай танытуға талпынған. Сөйтіп, қазақ өнерінің ірге тасын қалаған, алыптар алыпқа тән қызмет көрсеткен.

Олардың қатарында, құлын үнімен Еуропаны таңдандырған Ә.Қашаубаев, кейін қысым көріп қырғыз еліне асып кеткен Ж.Шанин және Қ.Жандарбеков, Қ.Байсейітов, К.Байсейітова, Ш.Айманов, өзге де жақсы-жайсаңдар болған. Осындай жігерлі жұмыстың ұйытқысы да, ұйымдастырушысы да қайталап айтамыз, Жүргенов екен. Ол жай Нарком емес, халық қамқоршысы, ұлт руханиятының жоқшысы, ұлт ұғымын түсініп қана қоймай, тілі мен түсін бұзып алмауды күні бұрын ойластырған, жоқты тауып, жарыққа шығарушы да болған. Бір мысал келтірер болсақ, М.Әуезовтің «Айман-Шолпан» пьесасы талқыланып жатқанда жазушы Көтібарды Басыбар деп алған көрінеді. Сонда Темірбек: «Мұхтар! Осы Басыбар демей-ақ, сол шалдың азан айтып қойған Көтібар атын өзіне қайтарсаң қайтеді? Қанша мәдениетті ат қоямын, жаңа буыннан ондайды жасырамын дегенмен, басы болса, адамның басқа да жақтары болатынын бәрі де біледі ғой. Шекспир бұл жағынан аса қымтырылмаған деседі ғой», – депті.

Бұл А.Жұбановтың естелігінде айтылады. Сол Ахаң тағы бірде кемел қайраткермен тілдескен соң: «Темірбекпен сөйлесіп шыққанда Ала-тауды айырып, Қаратауды қайырып» жібергендей жігермен үйге қайтатынбыз. Ал өнер саласында әрқайсысымыз үшін Темірбектің жігері жетпейтін», – дейді.

Осының өзінен-ақ Жүргеновтің жан-жақты білімдарлығын, ұлттық ұғымға зеректікпен қарайтынын аңғару қиын болмаса керек. Сол секілді А.Жұбанов қазіргі Құрманғазы атындағы Ұлт аспаптар оркестрінің керегесін керіп, шаңырағын көтеріп, уығын қадайтын тұста: «Әй, Ахмет, сен білесің бе? Сен тарихқа қазақ деген халықтың жаңа заманға лайық ұлттық аспаптар оркестрінің тұңғыш ұйымдастырушысы болып енесің? Мен бүгін наркоммын, ертең нарком емеспін. Мен сенің оркестріңнен үлкенмін бе? Бұдан былай кез келген мәселеде маған тікелей кел. Есігім ашық», – деген екен әр кез ұлт жұмысына жігерін жанып тұратын Жүргенов.

Алғашқы өнер ордаларын құру кезін еске түсіргенде, қазақтың атақты бишісі Шара Жиенқұлова Темірбекке деген ілтипатын ерекше білдірген екен. Нарком машина жіберіп шақыртқанда: «Автомобиль дегенге ғұмырымда отырғаным осы!», – деп Құрманбектің:

«Жақсы көйлегінді, топлинңді ки, жөп-жөнтік болып барайық, аты бүкіл одаққа мәлім адам», – дегенді айтады.

Күләш Байсейітова екеуін жігіттер Жүргеновке алдымен кіргізіп жібергенде, ол жадырай қарсы алып: «Ау, құрметті қыздар, сіздер азаматтардан да жоғары отыруға лайық жандарсыңдар!» деп төрге оздырыпты. Бұл көркем қызын сыйлаған қазақтың үлгісі ғана емес,

кісіліктің, кішіліктің де көрінісі екені рас.

Келген өнер адамдарына ВКП(б) Өлкелік комитеттің музыка театрын құру жөнінде қаулысы шыққанын айтып, Құрманбек, Қаныбек, Манарбек, Күләш, Шара – бесеуіне қарап: «Музыка театрына ауысасыздар, соның алтын дінгегі боласыздар! Қалғандар драма театрында ойнай береді. Күләш, Қаныбек, Манарбек әнші болады, Құрекең әрі әнші, әрі режиссер болып басқарады, ал Шара қарындас, балерина-биші боласыз. Былайынша да бишісіз, бірақ классикалық балет өнерінің негізін игермей болмайды. Қазақтың профессионал биінің бас-тау көзі сіз боласыз!», – деп білімсіз іс ілгері баспайтынын, бұл жұмыста Мәскеудің Үлкен театрынан әрі биші, әр балетмейстер Александровты шақырып отырғанын жеткізіп, өзі бір кездері өзбек елінде Министр болғанын еске салып: «Өзбекстандағы атақты биші Тамара ханымды естіп пе едіңіз? Сондай биші біздің Қазақстанға да керек», – депті.

Шара апамыз өз естелігінде «Айман – Шолпанмен» бірге, Жүргенов «Шұға» музыкалық драмасында қолға алғанын, «Қыз-Жібектің» либереттосын тездетуді Ғ.Мүсіреповке жүктегенін, Е.Брусиловскийге қазақтың тұңғыш операсын жазуды тапсырғанын алға тартады. Сөйтіп, қазақ опера театрының іргетасы қалай қаланғанын да тілге тиек етеді. 1936 жылғы қазақ әдебиеті мен өнерінің Мәскеуде өткен онкүндігі қазақ тарихына алтын әріппен жазылғаны ақиқат. Оны қазақ өнері мен әдебиетінің қазыналы қалыбын бұзбай, сырын кетірмей, уақыт үрдісімен ұштастырып, бүкіл тұрмыс салтымызды, әдет-ғұрпымызды одаққа танытып, жезмұрт «көсемге» көрсетіп, ілтипатқа бөленуде Жүргеновтің еңбегі ерен болғанын замандастары айтудай-ақ айтқан. Қазақ әдебиетінің шежіресі іспеттес Сәбит Мұқанов бұл онкүндік туралы «Есею жылдары» өмірбаяндық кітабында келістіріп жазған. Естеліктерді оқып отырғанда, «Осындай да ұлт ұланы болады екен-ау!» – деп таңдай қақпау мүмкін емес секілді. Сол асыл азамат 550 өнер мен әдебиет өкілдерін Мәскеуге бастап барып, зор абыройға бөленіп, 14 орденді омырауға тағып, Күләштай бұлбұл қыздың КСРО халық әртісі болып қайтуы, жақсы іс қана емес, алыпқа тән қарым мен қабілет деуге тұрарлық. Сол алқалы өнер бәйгесіне қатысқандардан қазір көзі тірісі, Қазақстанның халық әртісі, бір ғасырдан аса өмір сүріп келе жатқан, Шымкент қаласында тұратын Айша Абдуллина болса керек. Өткір мінез, өршіл рухпен ұлтқа қызмет етудің өнегесін Жүргенов Халық ағарту комиссары болып жүргенде де, білім саласына ерекше жанашырлық танытқанымен де есте қалған. Бүкіл ел көлемін айтпағанда, бір ғана Алматыда бір жылда 18 мектеп пайдалануға берілсе, ел бойынша: 1933–1939 жылдар ішінде 2614 мектеп, 14 интернат іске қосылған. 85 техникумда 7369 студент білім алған. 1937 жоғары оқу орындарының саны 21-ге жеткен. Республика бойынша 1,5 миллион оқушы білім ұясында оқыған.

«Мектептің түрі, тілі туралы» («Еңбекші қазақ» 1927 жыл, 7 наурыз) деген мақаласында «...біздің мектептерімізде оқыту жұмыстары әзір өте аянышты күйде. Біздің мектебімізді бітіргендер өз бетінше толық іске аса алмайды. Я ілгері оқуға да аяқ баса алмайды. Ал ауылдағы оқуды іздеп отырғанымыз, құр соғымға сенетіндік – онда оқу түгіл, түкте жоқ... оқу жұмысын енді мұнан былай бұрынғы қалпында қалдыруға болмайды», – дейді де: «Осы күні кейбіреулер (оның ішінде оқу комиссариатының кісілері де) аудандағы мектептер жайынан әңгіме қозғайды, оларша, жалғыз кемшілік ауыл мектебінде де, басқа жер оңып тұрмаған сықылды. Меніңше, оқу жұмысының жалғыз ақсап отырған жері ауылда ғана емес, бар мәселені «Оқу жұмысы қалай қойылуы керек?» – деп тексерген жөн. Біздің оқу жолында көздеген нысанамыз – қазақ еңбекшілерін жалпы мәдениетке жеткізу. Олай болса, бастауыш, орта оқумен қатар, жоғары оқу жөнінде де қам қыла отыруымыз керек. Мұнан «Қазақстанда жалпы оқу жұмысы қалай қойылу керек?» деген сауал туады. Қазақ еңбекшілерін жалпы мәдениетке жеткізу деген не? Ол – барлық жер жүзіндегі өнер білімді қазақ тілінде оқитын қылып халыққа білгізу деген сөз. Олай болса, бізде бастауыш та, орта да, жоғары да оқу орындары өз тілімізде болуы керек. Осылардың бәрінде де оқу қазақша болғанда барып жер жүзінің өнер біліміне қазақтың қолы жетеді», деген аталы сөзін алға тартқан.

Ал «Мектептегі оқу-тәрбие жұмысы және «дүмше молдалар туралы» («Ауыл мектебі» 1937. №3) деген мақаласында: «Мектептің дұрыс мектеп атағын алуына структураның жөнді болуы, оқу кітабының жақсы болуы, мұғалімдердің сай болуы, керек болса, осының барлығы да оқу үшін, балаларды жақсылап оқытып, жақсы тәрбие беру үшін керек. Жақсы оқу деп мектептерден ғылымның негізіне жетіп шығуды айтамыз. Ғылымның негізіне жататындар: математика, физика, ана тілі, химия, жаратылыс, жағрапия, тарих, тағы басқалары. Мектепте оқыған балалар осы айтылған пәндерден толық мағлұматты болуы керек. Оқу жұмысынан тәрбие ісін, тәрбие ісінен оқу жұмысын айыруға болмайды. Былайша айтқанда, баланы жақсы оқытатын мектепте тәрбие жұмысы да жолға қойылған болады – оқу жоқ жерде тәрбие жоқ. Оқу – тәрбие үшін керек, тәрбие – оқу үшін керек», – дейді. Мақаланың тағы бір тұсында: «Балалар үлкенді үлкен деп білетін болсын, үлкен кісіні, мұғалімді сыйлайтын болсын, жолдасқа жолдас деп қарайтын болсын... Мектеп балаларға әдеп үйрететін үй, осыны ұмытпау керек... Қорыта келгенде, тағы да айтатынымыз – оқу да, тәрбие де, мұғалім де мектеп бастығына байланысты...білімнің негізін түсіндіре алмайтын... тәрбие бере алмайтын мектеп те, мұғалім де болмасын. Енді осы үшін күресейік», – дейді.

Міне, осы сөздерге қарап Т.Жүргеновтің қай істе де темірдей тәртіпті талап ететінін аңғаруға болады. Мұндай тоғыз толғағы жағадан алған мәселеден дамыған делінетін ХХІ ғасырда да құтыла алмай келе

жатқанымызды несін жасырайық. Ол еліміздегі жоғары оқу орындарының ашылуына, оның ішінде қазіргі ҚазҰТУ, ҚазМУ, өзге де білім ордаларының шаңырақ көтеруіне зор үлес қосқан. Оқу тілі дегеннен шығады, алда айтқанымыздай, Т.Жүргенов ұлт тіліне ерекше сақтықпен қараған. Оқу тілі кемдік көрмеген жерде, ел тілі есесін жібермейтінін әлденеше рет ескерткен. Ескертіп қана қоймай, өзі сол үшін табандап тұрып жұмыс жасаған. Қызметтегі сөйлеу тілі бойынша да, іс-қағаздарын алмасуда да үй артында адам бар деп жалтақтамай, жалпақтамай, «пәленше» мен «түгеншенің» көңілін ауламай, қазақ тілін тірі тіл етуді басты мақсатына айналдырған. Кімнен болса да осыны талап еткен.

Бұған өз қандастарымыз ғана емес, өзге жұрт өкілдерін де иліктіріп, тайсалмай қатарға тартып отырған. Осы айтқанымызға бір дәлел келтірерлік. Оны қазақ өнеріне үлкен үлес қосқан композитор Е.Брусиловскийдің «Дүйім дүлдүлдер» кітабына көз жүгіртсек айқын аңғаруға болады. Нағыз қазақ қайраткерінің өткір де өресі биік болмысы сол кітапта әдемі көрініс тапқан. «Наркомпрос Темірбек Жүргенов бұл жас театрды (музыка театры) зор қамқорлықпен және сүйіспеншілікпен аялап, аяғынан тік тұрғызды... Олимпиада қорытындыларын жинақтау мақсатымен Жүргенов өз кабинетінде облыс өкілдерінің басын қосып, кішігірімдеу мәжіліс шақырды. Шамамен алғанда отыз шақты кісі жиналды, ішінде тек екі адам – қарағандылық Б.А.Орлов және мен орыс жұртынан едік. Наркомның өзі де, басқа сөйлеушілер де тек қазақ тілінде сөйледі... Борис Александрович орнынан тұрды да, Т.Жүргеновтің қазақша сөйлемейтіндігін өтінді, мұнда не жайында әңгіме болып жатқанын өзі ұқпай отырғанын, сөйлеушілерді ол түсінетіндей болу үшін орысша сөйлеу жөн екенін айтты. Т.Жүргеновтің кішкентай қара көздері ұшқындап кетті. Қашанда дүрдіңкіреп тұратын алдыңғы ерні одан сайын торсия берді. Мұның өзі қызық көрініс еді. Жұрттың бәрі бүкши е түсіп, тым-тырыс бола қалды. «Сіз қайда отырсыз, Орлов жолдас!». Ашу найзағайы үрейлене бүгжиген қайраткерлердің үстінен ойқастай шапшыды. «Сіз қайда жүрсіз, өзіңіз!», – деп қайталап, Т.Жүргенов даусын бұрынғыдан бетер қатайта сөйледі. «Сіз Қазақстанға келдіңіз, егер де мұнда жұмыс істегіңіз келсе, сіз республиканың мемлекеттік тілін білуге міндеттісіз! Бәлкім, сіз жолдас Орлов, біздің ана тілімізде сөйлесуімізге мұрсат етесіз? Сіз қазақ әндерін де орыс тілінде зерттемексіз бе?», – деп жай отындай жарқылдапты. Тағы бір тұста Е.Брусиловский: «...Нарком Темірбек Жүргенов өктем мінезді кісі еді. Сырт пішініне қарасаң әскербасы тәрізді... Жұрт Жүргеновтен қорқатын. Бірақ оның ұлттық өнерге толассыз сүйіспеншілігі, соның жолында уақыты мен күш жігерін әрдайым аямайтыны үшін оны сыйлайтын да. Ол аз сөйлейтін. Бірақ қашан болсын, нақты, қысқа және батыл сөйлейтін», – дейді. Кеңестік жүйе билігін жүргізіп, бишігін ойнатып тұрғанда осындай



батылдық қана емес-ау, батырлық танытқан темірдей Темірбек үлгісін айта отырып, кейінгі ұрпақ сол азаматтай ұлтын ұлықтаса ғой деген бір қиял – ойыңды онға, санаңды санға бөлетінін қайтерсің.

Алаш арыстары кеңестік жүйенің жүлгесін ұққан соң, желпілдеп жетекте кете бермей, бастарын бәйгеге тігіп, ұлт мүддесіне қызмет етуге бел байлағанын алдағы мысалдар көрсетіп-ақ тұр. Ұлт келешегін кемел етуге талпынған тұста олар талай қатерді бастан өткергені де мәлім.

Бірақ данышпан Абай айтпақшы, ұлттың нұрлы жолына ұмтылған ыстық қайрат, жылы жүрек иелері «Жақсылық көрсем – өзімнен, жамандық көрсем – өзімнен» (С.Торайғыров) деп,

Адамдық борыш – ар үшін,

Барша адамзат – қамы үшін»,

Серт берген еңбек етем деп,

Алдағы атар таң үшін» (Шәкәрім), – деп нар намыстың жалына

жармасқан, сол жолдан таймаған, өзім демей ұлтым деген Темірбек

Жүргеновті қырағы қызылдар 1937 жылдың 2 тамызында халыққа адал

қызмет еткені үшін «халық жауы» деп бұғаулап, 1938 жылдың 28

ақпанында, 39 жасында оққа байлапты. Бірақ оның артында өшпес ізі, өлмес өнегесі қалды.

Қазақ барда, қазағым деген азамат мәңгі жасап, мәңгі елмен бірге бола бермек! Оның араға жылдар салып, ұлт жауы емес, ұлт жақыны екені дәлелденіп, ортамызға мәңгі оралуы соның мысалы емес пе?!

**Сүлеймен Мәмет**